

Бүгінгі күннің толғауы

Қасым Аманжолов

Сапырды соғыс дауылы
Өмірдің бейбіт теңізін,
Солқылдап дала сауыры,
Қаптады бір өрт жер жүзін.
Қасқара шықтық майданға,
Қасакыжауды мерт қылдық.
Халқымыз анттан тайған ба?
Құлшына түстік, серт қылдық:
— Қыйраған сәнді қаламыз,
Қаусаған алып заводтар,
Құлпыртып қайта саламыз,
Жағамыз, дедік, жаңа оттар.
— Өртенген орман, күйінбе,
Сені де қайта егеміз —
Баяғы балғын күйіне
Келесін қайта, — дегеміз.

Сталин бастап, біз қостап,
Кірісіп кеттік еңбекке,
Дүниеге бүкіл ой тастап,
Данқымыз жетті жер-көкке.
Күйреген, әбден күл болған
Тірілді қала, заводтар;
Толқыды қайта нулы орман,
Егінжай болды окоптар.
Бесжылдық біздің төрт жылда!
Қашаннан бергі дағдымыз,
Қыймылда, достар, серт қыл да,
Төкпедік босқа қанды біз! —
Деп бастық іске ер халық, —
Қалпына келді ұлы өмір,
Әніміз жатыр шырқалып,
Жүзіміз жалын, кеуде нұр!

Сенің алма бағыңа...

(романс)

Сенің алма бағыңа
Шыбық шаншып кетіп ем;
Алдағы өмір бағына
Соны белгі етіп ем.

Тұр жайқалып бағыңда,
Қызығамын, тамсанам;
Өзің де бұл шағыңда
Кем емессің дәл сонан.

Келдім қайтып майданнан,
Таптым іздеп сені алғаш.
Сол шыбықтан жайқалған
Өсіпті бір алма ағаш.

Неткен жақсы жер еді
Жас шыбығым жайқалған,
Бір сөз айтқым келеді,
Тек жеткізіп айталман.

Балдақты жігіт

Балдағы бар бір жігітті көрдім де
Қасақана сауал бердім, келдім де:
— Бір аяғың көрінбей тұр көзіме,
Кешегі өткен сұрапылда бердің бе? —

Жігіт екен! Жауап тапты тосыннан
(Бір ғажайып күлкі ойнады ернінде):
— Көріл тұрсыз: бір аяғым осында,
Екіншісін тұрмын басып Берлинде!